

**«Әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасы»
республикалық бейнесабактар байқауын қашықтықтан
ұйымдастыру және өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасы» республикалық бейнесабактар байқауын (бұдан әрі – Байқау) жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: ғылыми-техникалық бағытта қосымша білім беру педагогтері арасында үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату.

Міндеттері:

1) әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасын өндіру бойынша балалардың техникалық шығармашылығын дамыту;

2) модельдеу және жобалау объектілері негізін оқытушыларды үйретуге насихаттау;

3) ғылыми-техникалық бағытта қосымша білім беру мамандарының кәсіби және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

4) балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығында қосымша білім беру жас мамандарының жобалық, зерттеушілік, конструкторлық және өнертапқыштық қызметінің жалпы мәдениетін арттыру;

5) ғылыми және анықтамалық әдебиет жұмысына, ғылыми ұйым және еңбек мәдениетіне жағдай жасау;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары konkurs_po17@mail.ru электронды поштаға **2017 жылғы 12 мамырға** дейін қабылданады.

2017 жылғы 12 мамырдан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2017 жылғы 23 мамырда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

7. Байқауға қатысу үшін **3 000** (үш мың) теңге жарна төлеу қажет. Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИККZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы аталуы: **«Әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасы»** байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін konkurs_po17@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжаты (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) бейнесабак.

3. Қатысушылар және байқауға қойылатын талаптар

9. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог жұмыскерлері қатысады.

10. Байқау жұмыстары келесі номинациялар бойынша қабылданады:

1) **әр түрлі класстағы әуе модельдері** (стендтік, бөлмелі, еркін ұшатын, резина моторлық, тамерлық, кордтық және радиомен басқарылатын);

2) **әр түрлі класстағы көлік модельдері** (стендтік, жарыс және трассалық);

3) **әр түрлі класстағы кеме модельдеу** (стендтік, жылдамдықты, желдік, өздігінен жүретін және басқарылатын);

4) **ауыл шаруашылық техника және аспалы жабдық** (тракторлар, егін егу машиналар, қопсытқыштар және т.б.)

11. Байқауға авторлық идеясымен, теориялық және практикалық материалдарымен жұмыс істеу үшін, әдіс пен тәсілдері бар бейнесабак жұмыстары қабылданады. Бейнесабак оқыту, тәрбиелік, дамыту мәні бар болуы тиіс. Бейнеөнім мәтінінің дыбысталуы қазақ немесе орыс тілдерінде орындалуы тиіс.

12. Байқау жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) бейнесабактың ұзақтығы 15- минуттан аспауы тиіс;
- 2) байқауға қатысушы туралы ақпарат (аты-жөні, тегі, лауазымы, жұмыс өтілі және орны).

Бейнесабак Mpeg-4, avi форматында, ең көп өлшемі 1 gb болу керек.

13. Бейнесабакқа жұмыстың міндет, мақсаттары көрсетілген ақпарат қоса тіркелуі тиіс. Мәтіндік сипаттама Word редакторымен орындалады.

14. Бағалау өлшемдері:

номинацияға сәйкестігі;

оқу материалының мазмұны: ақпараттың қол жетімділігі, өзектілігі, мәселелердің ашылуы, материалдың ғылымилығы және қол жетімділігі;

оқыту әдістерінің, құралдарының, түрлерінің сабақтың мақсатына сәйкестігі;

материалды баяндаудың дәлдігі, анықтылығы, логикалығы және сауаттылығы.

жаңалығы;

сабақ жүргізу шеберлігі;

материалды баяндаудың түсініктілігі және қолжетімділігі;

бейнесабактың материалын ұсынудағы шығармашылық тәсілдеме;

бейнесабакты ресімдеудегі ұқыптылығы мен сауаттылығы;

техникалық талаптарға сәйкестігі;

жұмысты ресімдеу мәдениеттілігі;

дыбыс-бейненің сапасы.

15. Байқау жұмысының титул парағын ресімдеу тәртібі:

автордың аты-жөні, тегі;

лауазымы, жұмыс орны (білім беру ұйымы);

облыс аудан (қала), ауыл;

номинация атауы;

байланыс телефоны, электрондық пошта.

16. Байқауға қатысушы бір немесе бірнеше номинацияларда қатыса алады. Қатысушыдан әр номинацияға бір ғана жұмыс қабылданады. Төлемақы әр номинацияға бөлек жұмыс ретінде төленеді.

17. Байқауға қатысушы балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайттағы «Эврика» ғылыми-техникалық шығармашылық және өнертапқыштар клубына («В Контакте» әлеуметтік желісі арқылы) бірлестікке тіркелу керек.

18. Жеңімпаздардың жұмыстары ҚР БҒМ РҚББОӘО өткізетін республикалық біліктілікті арттыру курстары, семинарлар бағдарламаларына енгізіледі, www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

19. Басқа адамдардың және интернеттен алынған материалдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмысы бұған дейін интернетте жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқау қорытындысы бойынша әділ қазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады. Орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172) 72 98 99** («Әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасы» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқалар жүктеу үлгісі: www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «Әуе, көлік, кемемодельдеу және ауыл шаруашылығының техникасы» байқауы → әрі қарай.

I- қосымша

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	облыс, аудан (қала), ауыл	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	электрондық поштасы	ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8